**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 83 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 7 мамыр N 83а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
1. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 83

P020083_

қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:
1) 1-тармақта "24" деген сан "27" деген санмен ауыстырылсын;
2) осы қаулыға 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес 25, 26, 27-қосымшалармен толықтырылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.
Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 7 мамырдағы
N 83а қаулысына
1 қосымша
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 23 қаңтардағы
N 83 қаулысына
25 қосымша

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
-------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2002 жылға арналған
"Астана қаласында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің

әкімшілік ғимараты құрылысын салу"
303 республикалық бюджеттік бағдарламасының
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 505 400 мың (бес жүз бес миллион төрт жүз мың) теңге.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 574 U010574_ Жарлығы.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Астана қаласында Есіл өзенінің сол жақ жағалауында Үкіметтік орталықтың әкімшілік ғимараттарының құрылысын салу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жаңа әкімшілік ғимараты құрылысын салу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Бағдар. ламаның коды | Кіші баға. дар. лама. ның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарлама.ның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзі. мдері | Жауапты орындаушы |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| 303 | | Астана қаласында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің әкімшілік ғимаратының құрылысын салу | Белгіленген тәртіппен мемлекеттік сараптама мен бекітуден өткен жобалық-сметалық құжат. тамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің әкімшілік ғимаратының құрылысын салу. | 2002 жыл | Қазақстан Республи. касының Сыртқы істер министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер

министрлігінің әкімшілік ғимаратында орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 7 мамырдағы
N 83а қаулысына
2 қосымша
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 23 қаңтардағы
N 83 қаулысына
26 қосымша

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
-------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2002 жылға арналған
"Астана қаласындағы дипломатиялық қалашыққа қызмет көрсету объектілерінің құрылысын салудың"
305 республикалық бюджеттік бағдарламасының
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 700 000 мың (жеті жүз миллион) теңге.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 574 U010574_ Жарлығы.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық

бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: дипломатиялық қалашықты әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету, мұның өзі дипломатиялық өкілдіктерді Астана қаласына көшіру тұжырымдамасын іске асырудың негізгі шарты болып табылады.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Астана қаласында дипломатиялық қалашыққа қызмет көрсету объектілерінің құрылысын салу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:
------------------------------------------------------------------

```
Бағдар.!Кіші !Бағдарламаның    ! Бағдарламаны (кіші    ! Іске !  Жауапты
ламаның!бағ. !(кіші бағдарлама.! бағдарламаны) іске    ! асыру!орындаушы
коды   !дар. !ның) атауы       ! асыру жөніндегі       !мерзі.!
       !лама.!                 !     іс-шаралар      !мдері !
       !ның  !                 !                     !      !
       !коды !                 !                     !      !
-----------------------------------------------------------------------
305          Астана қаласында  Белгіленген тәртіппен    2002   Қазақстан
             дипломатиялық     мемлекеттік сараптама    жыл    Республи.
             қалашыққа қызмет  мен бекітуден өткен             касының
             көрсету объекті.  жобалық-сметалық құжат.         Сыртқы
             лерінің           тамаға сәйкес Астана            істер
             құрылысын салу.   қаласында дипломатиялық         министрлігі
                               қалашыққа қызмет
                               көрсету объектілерінің
                               құрылысын салу.
-----------------------------------------------------------------------
```

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес дипломатиялық қалашыққа қызмет көрсету объектілерінің орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі.

Пайдалануға тапсыру:

- технологиялық қызмет көрсету ғимараты - 760 шаршы метр;
- дипломатиялық қалашықты пайдалану жөніндегі басқарма дирекциясының әкімшілік ғимараты - 1353 шаршы метр;
- екі БӨП - 32 шаршы метр;
- екі КП - 103 шаршы метр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 7 мамырдағы
N 83а қаулысына
3 қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 23 қаңтардағы
N 83 қаулысына
27 қосымша

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
-------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2002 жылға арналған
"Астана қаласындағы дипломатиялық қалашықтың екінші кезектегі инженерлік жүйелерінің құрылысын салудың"
306 республикалық бюджеттік бағдарламасының
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 300 000 мың (үш жүз миллион) теңге.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 574 U010574_ Жарлығы.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Астана қаласындағы дипломатиялық қалашықты тұрғыдан инженерлік қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Астана қаласындағы дипломатиялық қалашықтың инженерлік жүйелерінің құрылысын салу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Бағдар.ламаның коды | Кіші бағ.дар.лама.ның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарлама.ның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзі.мдері | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|---|---|
| 306 | | Астана қаласындағы дипломатиялық қалашықтың екінші кезектегі инженерлік жүйелерінің құрылысын салу. | Белгіленген тәртіппен мемлекеттік сараптама мен бекітуден өткен жобалық-сметалық құжат.тамаға сәйкес дипломатиялық қалашықтың екінші кезектегі инженерлік жүйелерінің құрылысын салу. | 2002 жыл | Қазақстан Республи.касының Сыртқы істер министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық қалашығындағы екінші кезектегі инженерлік жүйелері мен инфрақұрылым объектілерінде орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі.

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК